

Жобаның атауы, ЖТН	АР26103383 - Киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алу - студенттердің киберәлеуметтенуінің негізі ретінде
Іске асыру мерзімі	22.07.2025-31.12.2027
Жобаның жетекшісі	Керимбаева Ботагоз Талгатовна
Реферат	Киберкеңістіктегі өзара іс-қимылдарды реттеудің өзектілігін айқындайтын киберәлеуметтенуді іске асыру арқылы студенттердің киберкоммуникативтік тәуелділігі тәуекелдерін азайту, оның алдын алу бағытындағы кәсіби педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыру мен іске асырудың әдістемесін әзірлеу және іске асыру маңызды. Осы орайда, ұсынылып отырған бұл жоба цифрлық қоғам жағдайында болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың озық ғылыми педагогикалық тәжірибелерін жетілдіруді көздейді. Сонымен қатар, жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларының киберкоммуникативтік тәуелділігінің алдын алу бойынша кешенді оқу тәрбие жұмыстарын іске асырудың құрылымдық-мазмұндық сызбасы мен педагогикалық шарттарын анықтауға бағдарланған. Зерттеу тобының мүшелері: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Шетел тілдері факультеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жаратылыстану, Инженерия факультеттерінің білім беруді цифрландыру, киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алу бағытында іргелі зерттеу жұмыстарымен айналысатын зерттеуші ғалымдары мен докторант. Зерттеудің негізгі тәсілдері: киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алудағы тәрбие мен оқытудың мәні мен заңдылықтарын педагогикалық процестің біртұтас жүйесі ретінде, дүниетаным мен ғылым негіздері ұғымдарының жүйесін қалыптастыру бойынша өзара байланысты шаралар кешені ретінде зерттейтін инновациялық бағыт ретіндегі жүйелік тәсілді, меңгерілген білім, білік және дағдылардың қиылысында көрініс табатын - құзыреттілік тәсілді, киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алуда құндылықтарды қалыптастыру, студенттердің киберәлеуметтенуінің негізін анықтайтын жалпы маңызды құндылық ұстанымдарды айқындауға бағдарланған - аксиологиялық тәсіл, оқытушы мен студент арасындағы өзара іс-қимылға бағдарланған партисипативті тәсілді басшылыққа алады. Біз осы жоба мәселесін зерттеуде басшылыққа алатын жүйелік, құзыреттілік, аксиологиялық, партисипативті тәсілдердің жиынтығы виртуальды кеңістікте жеке тұлғаның кибер әлеуметтену процесін және киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алуды зерттеуге кең мүмкіндіктер береді. Жоба келесі проблемаларды шешуге бағытталған: Цифрлық қоғам дамуының ерекшеліктерін айқындау мен жоғары білім беру ұйымдары білім алушыларының

	киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын-алудың отандық және шетелдік тәжірибелерін, модельдерін зерделеу және қазақстандық нақтылықта оларды іске асырудың мүмкіндіктерін зерттеудің маңыздылығы; Жоғары білім беру ұйымдары білім алушыларының киберкоммуникативтік тәуелділік түрлерінің сипатын, олардың алдын алудың әдістемелік бағыттарын нақтылаудың өзектілігі. Ұсынылып отырған «Киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алу - студенттердің киберәлеуметтенуінің негізі ретінде» атты жоба аясында жоғарыда келтірілген проблемалардың шешімін табуы болашақ мамандардың кәсіби сапаларын жетілдіруге, «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлаудың негізгі идеяларын, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізгі міндеттерін іске асыруға бағытталған. Зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау перспективалары жоғары, себебі, жоғары білім беру ұйымдарында киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алудың тәжірибелері, ғылыми негізделген әдістемесі бойынша білім беру саласы қызметкерлеріне ақылы біліктілік жетілдіру курстарын, семинарлар, қысқа мерзімді оқу курстарын ұйымдастыруға болады. Жоба нәтижелерінің әлеуетті тұтынушылары: ғалым-педагогтар, жоғары білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдары. Жобаны іске асыру үшін құрылған зерттеу тобының ғылыми зерттеушілік потенциалы жоғары, ғылыми педагогикалық қызмет бойынша кәсіби мен ғылыми зерттеу жобаларын іске асыру тәжірибелері жеткілікті.
Мақсаты	Жобаның мақсаты – Цифрлық қоғам жағдайында жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылар арасындағы киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алу бойынша кәсіби педагогикалық қызметті жүйелі ұйымдастыру мен іске асырудың әдістемесін әзірлеу және іске асыру.
Күтілетін нәтижелер	1. Жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылар арасындағы киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алудың құрылымдық-мазмұндық сызбасы, психологиялық шарттары анықталады. 2. Жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылар арасындағы киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алу әдістемесі жасалады және іске асырылады, ғылыми семинарлар, әлеуметтік желілерде танымдық ақпараттарды таратылады, киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алу бағытында білім алушылар арасында онлайн марафондар, челленджер мен конкурстар өткізіледі. 3. Web of Science базасында импакт-фактор квартилі 1 (бірінші) және (немесе) 2 (екінші) кіретін, Social Science Citation Index-те индекстелетін және (немесе) CiteScore

	бойынша Scopus базасында 50-ден (елу) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу; ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымда кемінде 4 (төрт) мақала немесе шолу; Жарияланатын мақалалардың біреуі multidisciplinary (көпсалалы немесе пәнаралық практикалық қолдану) санатында жариялануы тиіс. Multidisciplinary санатына жатпайтын 1 ҒЖБССҚК тізіміндегі отандық журналдар үшін екі және одан да көп санаттарда индекстелетін 1 және 2 ҒЖБССҚК тізіміндегі журналдар есептеледі. 3 (үш) халықаралық конференцияға мақала жариялау; «Киберкоммуникативтік тәуелділіктің алдын алудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» монография баспадан шығарылады. 4.Диссертация тақырыбы жобаның тақырыбына сәйкес келетін 1 (бір) философия докторы (PhD) дайындалады. Диссертация қорғауы жоба аяқталған соң 2 (екі) жылдан кеш емес мерзімде өтуі мүмкін.
Зерттеу тобы	Жетекші: Керимбаева Ботагоз Талгатовна, PhD, қауымдастырылған профессор (Индекс Хирша : 4 ORCID: 0000-0000-0002-0680-7126 Scopus Author ID: 55599232100). Бас ғылыми қызметкер: Ниязова Гулжан Жолаушиевна, п.ғ.к., доцент (Индекс Хирша 3, ID:55822416800 ORCID: 0000-0003-2918-0829 Scopus Author ID: 55822416800) Жетекші ғылыми қызметкер: Берді Динара Кадирханқызы, PhD (Индекс Хирша: 6 ORCID: 0000-0002-0553-4015 Scopus Author ID: 56922103300) Ғылыми қызметкер: Садыкова Сауле Алтынбаевна, PhD, доцент (Индекс Хирша: 2 ORCID: 0000-0003-3825-7680 Scopus Author ID: 57191882900) Ғылыми қызметкер: Сатбай Жайнар Избасарқызы, магистр (ORCID 0000-0001-6765-9289) Ғылыми қызметкер: Базарбаева Айжан Инкарбековна (Хирш индексі:2 https://orcid.org/0000-0002-0680-7126) Ғылыми қызметкер: Керимбеков Ержан Рахымжанұлы, PhD (Индекс Хирша: 2 https://orcid.org/0000-0002-6116-3669 Scopus Author - 56038979700)
Ғылыми басылымдардағы жарияланымдары	